



140002, Павлодар қаласы, Торайғыров көшесі, 74/1 құрылымы  
Тел.: 8(7182) 55-39-14, факс: 8(7182) 55-48-24  
E-mail: kense.dzpppav@dsm.gov.kz

140002, город Павлодар, улица Торайгырова, строение 74/1  
Тел.: 8(7182) 55-39-14, факс: 8(7182) 55-48-24  
E-mail: kense.dzpppav@dsm.gov.kz

2021ж. 09.12. №-24/4601-И

## ҚАУЛЫСЫ

09 декабря 2021 года № 25

Павлодар қаласы

## ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Павлодар

### Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 38, 104-баптарының 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-47 бұйрығымен бекітілген «Жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және олардың асқынулары (пневмония), менингококк инфекциясы, COVID-19 коронавирустық инфекциясы, желшенек, скарлатина кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 тамыздағы «2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» № 36 Қаулысына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 02 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» № 38 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» № 42 Қаулысына, «Ashyq» жобасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 24 қыркүйектегі № 44 Қаулысын бекіту туралы, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 20 қазаңдағы «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің Қаулысына өзгерістер мен қосымша түзетулер енгізу туралы» № 47 Қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ) сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Павлодар облысының Әкімдігі, облыстың қалалары мен аудандары әкімдері, Павлодар облысының полиция Департаменті, Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық Басқармасы, Павлодар облысының кәсіпкерлер Палатасы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау

000122



департаментінің аумақтық басқармалары, кәсіпкерлік субъектілері, меншік нысанына қарамастан заңды тұлғаларға, Павлодар облысындағы тұрақсыз эпидемиологиялық жағдайға байланысты, коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу үшін, ҚР БМСД № 38 Қаулысының 1 тармағының 3 тармақшасына сәйкес, коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі оңірлік жедел штабында төмендегілерді қамтамасыз ету шешімі қабылданды:

1) өнеркәсіптік кәсіпорындардың COVID-19-ға қарсы вакцина алмаған (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19 ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) қызметкерлері үшін көзбе-коз режимде жұмысқа жіберуге шектеу.

Бұл ретте, вакцинацияланбаған қызметкерлер үшін міндетті ПТР-тестілеу (7 күнде 1 рет) көзделсін (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 ай ішінде COVID-19 ауырып жазылған адамдарды қоспағанда).

**2. Павлодар облысының Әкімдігі, облыстың қалалары мен аудандары әкімдері, Павлодар облысының полиция Департаменті, Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық Басқармасы, Павлодар облысының кәсіпкерлер Палатасы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармалары, кәсіпкерлік субъектілері, заңды тұлғалар қамтамасыз етсін:**

1) «Ashyq» жобасына қатысатын объектілердің қызметі ҚР БМСД № 44 Қаулысына, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БМСД № 47 Қаулысына сәйкес ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

**3. Павлодар облысының Әкімдігі, облыстың қалалары мен аудандары әкімдері, Павлодар облысының білім беру Басқармасы, Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық Басқармасы, Павлодар облысының кәсіпкерлер Палатасы, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің, заңды және жеке тұлғалардың басшылары қамтамасыз етсін:**

1) жабық ғимараттарда және ашық орындарда көріністі, отбасылық, ұжымдық, корпоративтік, салтанатты (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алулар және т.б.) іс-шараларын және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге (митингілер, шерулер, кормелер, конференциялар, көрсетілімдер т.б.) өткізуге, сондай-ақ жеке үй-жайлар мен құрылымдарды бұқаралық корпоративтік шараларды өткізу үшін жалға алуға тыйым салынсын»;

2) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, қорқор бөлмелері, букмекерлік кеңселер, бильярд залдары, ойын клубтары, түнгі клубтар, компьютерлік клубтар, боулинг орталықтары және т.б.) қызметіне тыйым салынсын;

3) балалар ойын-сауық орталықтарының қызметіне тыйым салынсын (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар);

4) еске алуларды (жабдықтар) өткізуге тыйым салынсын;

5) мейрамханалар, дәмханалар типтері бойынша келушілерге қызмет көрсетуді қоспағанда, банкет залдарының қызметіне тыйым салу;

6) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын сақтай отырып, мәдениет объектілерінің қызметіне 30 адамға дейін рұқсат беру (дайындықтар);



7) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын сақтай отырып, толымдылығын 20% дан асырмай театрлардың, кинотеатрлардың, концерт залдарының, филармониялардың қызметіне рұқсат беру;

8) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын сақтай отырып кітапхана, музейлердің қызметіне рұқсат берілісін;

9) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын сақтай отырып облысаралық, облысшілік, қалааралық ауданаралық автобус, шағын автобус жолаушылар тасымалы, облысаралық, қалааралық тұрақты емес «туристік» тасымалына рұқсат беру;

10) ҚР БМСД № 42 Қаулысының талаптарын сақтай отырып кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимінде өткізуге рұқсат беру;

11) толымдылығын 50% дан асырмай балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне рұқсат берілісін;

12) ҚР БМСД №36 Қаулысының талаптарын орындай отыра, 2021-2022 оқу жылында барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында штаттық формада оқытылсын;

13) ҚР БМСД №36 Қаулысының талаптарын сақтай отырып мектепке дейінгі мекемелердің қызметіне рұқсат берілісін;

14) ҚР БМСД №38 Қаулысының талаптарын сақтай отыра, ішіндегі толымдылығын 30% дан асырмай бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда діни объектілердің (меніттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т. б.) қызметіне рұқсат берілісін. Ұжымдық діни іс-шараларды меніттердің, православие шіркеулерінің және басқа да діни объектілер аумағында ашық ауада өткізу беттерде режимі мен бір адамға 4 метр әлеуметтік арақашықтықты есеңке ала отырып жүргізіледі;

15) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын сақтай отыра, жұмыс уақытын шектемей гүлдер дүкендерінің қызметіне рұқсат берілісін;

16) ҚР БМСД №38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, жұмыс уақытын шектемей, сауда орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда желілерінің қызметіне рұқсат берілісін;

17) ҚР БМСД №38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, жұмыс уақытын шектемей, азық-түлікке жатпайтын және азық-түлік тауарларын өткізетін жабық базарлардың қызметіне рұқсат берілісін;

18) ҚР БМСД №38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығы бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, азық-түлікке жатпайтын және азық-түлік тауарларын өткізетін базарлардың (ғимараттан тыс) қызметіне жұмыс уақытын шектемей рұқсат берілісін;

19) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығы бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, жұмыс уақытын шектемей супермаркеттердің, гипермаркеттердің қызметіне рұқсат берілісін;

20) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, толымдылығы бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда азық-түлік дүкендерінің қызметіне рұқсат берілісін;



21) бір келушіге кемінде 4 шаршы метр сақталған жағдайда, жұмыс күндері жұмыс уақытын шектемей, ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын сақтай отырып, азық-түлік емес тауарларды өткізу объектілерінің қызметіне рұқсат берілісін;

22) қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне сағат 7:00-ден 24.00-ге дейінгі жұмыс тәртібімен жеткізу/алып кету режимін шектемей,ғимарат ішіндегі жалпы отырғызу орнын 50 ден асырмай, толымдылығын 50% дан асырмай, әлеуметтік арақашықтықтың, үстелдердің көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр арақашықтықта орналастырылуын және бір үстел алдында 4-6-дан аспайтын адамдардың отырғызылуын сақтап, ұжымдық, салтанатты, отбасылық және басқа да бұқаралық іс-шараларды өткізбей, ҚР БМСД №38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, осы Қаулыда белгіленген жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жабылып, келушілердің нысанда болуына тыйым салумен рұқсат берілісін.

23) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс уақытын шектемей, стрит-фудтар (жеке тұрған отырғызу орындары жоқ палатка/дүңгіршек/киоскі) қызметіне рұқсат берілісін;

24) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс уақытын шектемей, 1 келушіге кемінде 4 шаршы метр қамтамасыз етілген жағдайда сұлулық салондарының, шаштараздардың, косметологиялық қызметтерді ұсынатын нысандардың жұмысына рұқсат берілісін;

25) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, Үлгілік құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығуларға (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру) рұқсат берілісін;

26) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған жағдайда, спортшылар мен жаттықтырушылар құрамының COVID-19-ға қарсы вакцинациясының толық курсы алғандығы туралы құжаттық дәлелдемелерін ұсынған жағдайда облыстық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізуге рұқсат берілісін;

27) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бір келушіге кемінде 5 шаршы метрді қамтамасыз еткен жағдайда, топтық жаттығулар өткізуге, спорт кешендері мен басқа да спорт нысандарының, соның ішінде фитнес, жаттығу залдары мен спорттық-сауықтыру орталықтарының қызметіне рұқсат берілісін;

28) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын сақтай отырып, толтырылуы 15% -дан аспайтын жағдайда көрермендердің қатысуымен спорттық іс - шаралар өткізуге рұқсат берілісін;

29) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра бір адамға су айнасының 5 шаршы метр есебінен жеке форматта, жұмыс уақытын шектемей, бассейндердің қызметіне рұқсат берілісін;

30) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс уақытын шектемей моншалардың қызметіне қызметіне рұқсат берілісін;

31) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс уақытын шектемей СПА-орталықтардың қызметіне қызметіне рұқсат берілісін;

32) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жұмыс уақытын шектемей, сауналардың қызметіне қызметіне рұқсат берілісін;

33) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра бір адамға мұз айнасының 5 шаршы метр есебінен жеке форматта, жұмыс уақытын шектемей, жабық мұз айдындарының қызметіне рұқсат берілісін;

34) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, медициналық орталықтардың, стоматологиялардың және т.б. (алдын ала жазылумен) жұмыс істеуіне рұқсат берілісін;

35) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, дәріханалардың, оптика дүкендерінің қызметіне рұқсат берілісін;

36) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, жиналуы мен ұзақ тығыз байланысты тудырмайтын, халыққа байланыссыз қызмет көрсететін нысандардың (баспахана қызметтерін ұсынатын нысандар, тұрмыстық техниканы жөндеу; телешеберханалар; автосалондар; автожуу; шиножөндеу; автомобильдер жөндеу; зергерлік шеберханалар; аяқ-киім шеберханалары; тігін ательесі; аяқ-киімді, киімді жөндеу жөніндегі сервис, картридждерді толтыру және басқа нысандар) жұмыс уақытын шектемей жұмыс істеуіне рұқсат берілісін;

37) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, бизнес-орталықтарының және сол жерде орналасқан адвокат, нотариус, бухгалтер мен консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, туроператорлар, азық-түлік емес тауарларды, заттарды және т.б. сату жөніндегі бутиктер (бөлімдер), және т.б. нысандар жұмысын жұмыс уақытын шектемей ұйымдастыруға рұқсат берілісін,

38) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Торағасының және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Торағасының бірлескен бұйрығы талаптары мен ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра қаржы секторы субъектілерінің (екінші деңгейлі банктер; банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар шетел валютасымен қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде тек айырбастау пункттері арқылы жұмыс жасайтын заңды тұлғалар, ипотекалық ұйымдар; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары; сақтандыру брокерлері; бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар; микроқаржы ұйымдары, несиелік серіктестіктер, ломбардтар; төлем ұйымдары; коллекторлық агенттіктер) қызметіне рұқсат берілісін;

39) «Азаматтарға арналған үкімет» МК» ҮЕАҚ Павлодар облысы бойынша филиалының халыққа қызмет көрсету орталықтарының жұмысына ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра штаттық режимде (өз кестесі бойынша) жұмыс істеуге рұқсат берілісін;

40) «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінің жұмысына ҚР БМСД №38 Қаулысының талаптарын орындай отыра штаттық режимде (өз кестесі бойынша) жұмыс істеуге рұқсат берілісін;

41) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, үздіксіз өндірістік циклі бар оперкәсіп кәсіпорындарының қызметіне; құрылыс жұмыстарына (тұрмыстық бөлмелерде байланыс болмағанда), ауыл және балық шаруашылығына, мал шаруашылығына рұқсат берілісін;



42) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, туризм объектілерінің қызметіне (демалыс үйлері, демалыс аймақтары, туристік базалар және т.б.) рұқсат берілісін;

43) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы ұйымдардың (қонақ үйлер, отельдер, және т. б.) қызметіне рұқсат берілісін;

44) ҚР БМСД № 36 Қаулысының талаптарын орындай отыра, арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат берілісін;

45) күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді, ҚР БМСД № 36 Қаулысының талаптарын орындай отыра, балалар кабинеттерінің/түзету, оңалту орталықтарының, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының қызметіне рұқсат берілісін;

46) оңірдегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, ҚР БМСД № 36, 38 Қаулыларының талаптарын орындай отыра «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» және «Бобек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат берілісін;

47) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, мемлекеттік органдардың (ұйымдар, кәсіпорындар), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық компаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне рұқсат берілісін. Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 50%-ы қашықтықтан жұмыс істеу формасында қалдырылады. Міндеттерін қашықтықтан орындама алмайтын қызметкерлерден басқаларды қоспағанда, COVID-19-ға қарсы вакцина алмаған және соңғы 3 ай ішінде COVID-19-бен ауырмаған қызметкерлер қашықтықтан жұмыс істеу форматына ауыстырылады. Қызметкерлері COVID-19-ға қарсы вакцинацияланған жағдайда ұйымдар, кеңселер жұмысты қашықтықтан және көзбе көз режимде жұмыс істейтін қызметкерлердің пайыздық құрамына қойылатын талаптарды есепке алмай қызметін жүргізеді. Бұл ретте, COVID-19-ға қарсы вакцинацияның толық курсы алған және соңғы 3 айда COVID-19-бен ауырып шыққан қызметкерлерге толық күндік жұмысқа шығуға, яғни, көзбе көз режимде жұмыс істеуге рұқсат етіледі;

48) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, кемінде 2 метр арақашықтықты, бетперде режимін сақтай отыра, адам саны 15 тең аспайтын жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге, қорықтарға, резерваттарға және басқаларға) баруға рұқсат берілісін;

49) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда (қарбалас сәтте автобустар санын көбейту, кондуктордың болуы, соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен оңдеу, барлық есіктерді ашу, отыратын орын саны бойынша толтыру, жолаушылардың қоғамдық көліктерге қорғаныс бетперделеріне кіруіне жол бермеу), көлік бірліктерінің санын ұлғайта отырып, қоғамдық көліктердің жұмысына рұқсат берілісін;

50) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра такси қызметтерінің қызметіне рұқсат берілісін;

51) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, барлық сауда нысандарына, қоғамдық көліктерге, таксиге, өнеркәсіптік аумақтарға, дәліздерге, лифт кабиналарына, ұйымдарға, басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізілісін;

52) қарттар мен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер, сәбилер үйлері, балалар үйлері, әлеуметтік оңалту орталықтары, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оқу орындары санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра жұмыс істейді.

Әлеуетті ата-аналарға жетім балалармен оларды одап әрі асырап алуы, қорғаншылықта болуы, қамқоршысы болу үшін балалар үйіне және сәбилер үйіне баруына әлеуетті ата-аналарға берілуінен 3 тәуліктен аспаған COVID-19ға ІТТР зертханалық тексерісі теріс нәтиже көрсеткен немесе COVID-19 ға қарсы вакцинациясының толық курсы алғандығы туралы құжатты ұсынған кезде рұқсат беріледі.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерге ұлттық превентивті механизм қатысушыларының баруына берілуінен 3 тәуліктен аспаған COVID-19ға ІТТР зертханалық тексерісі теріс нәтиже көрсеткен немесе COVID-19ға қарсы вакцинациясының толық курсы алғандығы туралы құжатты ұсынған кезде рұқсат беріледі.

#### **4. Жеке тұлғалар:**

1) бес жасқа дейінгі балаларды және әлеуметтік арақашықтықты сақтай отыра спортпен айналысатын тұлғаларды қоспағанда, қоғамдық орындарда болған кезде, халық баратын, қызмет көрсетілетін және демалуға арналған үй-жайларда, қоғамдық көлікте (соның ішінде, такси ішінде) болған кезде медициналық немесе тоқыма бетперделерді міндетті түрде киісін;

2) объектілерге барғанда, қоғамдық көлікті пайдаланған кезде, сонымен қатар, жұмыс орындарында төмендегілерді сақтасын:

-қол алыснау, адамдар арасында кемінде 2 метр әлеуметтік арақашықтықты сақтап, қорғаныс бетперделерін дұрыс киісін;

-жеке гигиенаны (қолды жуғыш құралдармен жуу, санитайзерлерді (қолға арналған антисептиктер) пайдалану) сақтау, түшкіру және жотелу этикетін сақтау;

3) респираторлық инфекцияның (тұмау, түшкіру, дене қызуы) алғашқы симптомдары пайда болған жағдайда медициналық ұйымдарға бармай, 103 нөмірі арқылы жедел медициналық жәрдемді үйге шақырту арқылы медициналық көмекке шұғыл жүгінісін;

4) отбасылық, еске алу (банкеттер, тойлар, мерейтойлар және т.б.) іс-шараларын, соның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын шараларды өткізуге және қатысуға;

- жеке үй-жайлар мен құрылымдарды бұқаралық корпоративтік және басқа да шараларды өткізу үшін жалға алуға;

- қызметі жаңартылмаған объектілерге баруға;

- жұмыс режиміне сәйкес жабылғаннан кейін объектілерде болуға жол берілмесін;

**5. Павлодар облысының әкімдігіне, облыстың қалалары мен аудандарының әкімдеріне, полиция Департаменті, санитариялық –**



50) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра такси қызметтерінің қызметіне рұқсат берілісін;

51) ҚР БМСД № 38 Қаулысының талаптарын орындай отыра, барлық сауда нысандарына, қоғамдық көліктерге, таксиге, өнеркәсіптік аумақтарға, дәліздерге, лифт кабиналарына, ұйымдарға, басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық оңдеу жүргізілісін;

52) қарттар мен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер, сәбилер үйлері, балалар үйлері, әлеуметтік оңалту орталықтары, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оқу орындары санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отыра жұмыс істейді.

Әлеуетті ата-аналарға жетім балалармен оларды одан әрі асырап алуы, қорғаншылықта болуы, қамқоршысы болу үшін балалар үйіне және сәбилер үйіне баруына әлеуетті ата-аналарға берілуінен 3 тәуліктен аспаған COVID-19ға ІГР зертханалық тексерісі теріс нәтиже көрсеткен немесе COVID-19 ға қарсы вакцинациясының толық курсы алғандығы туралы құжатты ұсынған кезде рұқсат беріледі.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерге ұлттық превентивті механизм қатысушыларының баруына берілуінен 3 тәуліктен аспаған COVID-19ға ІГР зертханалық тексерісі теріс нәтиже көрсеткен немесе COVID-19ға қарсы вакцинациясының толық курсы алғандығы туралы құжатты ұсынған кезде рұқсат беріледі.

#### **4. Жеке тұлғалар:**

1) бес жасқа дейінгі балаларды және әлеуметтік арақашықтықты сақтай отыра спортпен айналысатын тұлғаларды қоспағанда, қоғамдық орындарда болған кезде, халық баратын, қызмет көрсетілетін және демалуға арналған үй-жайларда, қоғамдық көлікте (соның ішінде, такси ішінде) болған кезде медициналық немесе тоқыма бетперделерді міндетті түрде киісін;

2) объектілерге барғанда, қоғамдық көлікті пайдаланған кезде, сонымен қатар, жұмыс орындарында төмендегілерді сақтасын:

-қол алыспау, адамдар арасында кемінде 2 метр әлеуметтік арақашықтықты сақтап, қорғаныс бетперделерін дұрыс киісін;

-жеке гигиенаны (қолды жуғыш құралдармен жуу, санитайзерлерді (қолға арналған антисептиктер) пайдалану) сақтау, түшкіру және жотелу этикетін сақтау;

3) респираторлық инфекцияның (тұмау, түшкіру, дене қызуы) алғашқы симптомдары пайда болған жағдайда медициналық ұйымдарға бармай, 103 нөмірі арқылы жедел медициналық жәрдемді үйге шақырту арқылы медициналық көмекке шұғыл жүгінісін;

4) отбасылық, еске алу (банкеттер, тойлар, мерейтойлар және т.б.) іс-шараларын, соның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын шараларды өткізуге және қатысуға;

- жеке үй-жайлар мен құрылымдарды бұқаралық корпоративтік және басқа да шараларды өткізу үшін жалға алуға;

- қызметі жаңартылмаған объектілерге баруға;

- жұмыс режиміне сәйкес жабылғаннан кейін объектілерде болуға жол берілмесін;

**5. Павлодар облысының әкімдігіне, облыстың қалалары мен аудандарының әкімдеріне, полиция Департаменті, санитариялық –**



## **эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармалары қамтамасыз етсін:**

1) қызметіне рұқсат берілген объектілерде карантиндік іс-шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақыласын. Бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексіне сәйкес әкімшілік шаралар қолданылсын;

### **6. Павлодар облысының полиция Департаменті:**

1) жұмысты жалғастырсын және бетперделік режим мен әлеуметтік арақашықтықты сақтау мәніне тұрғын үй секторының, парктердің, скверлердің, аулаишілік балалар ойын алаңдарының, демалыс аймақтарының, қоғамдық көліктің патрульдеуін қамтамасыз етсін, учаскелік қызмет жұмысын жасырып отбасылық, ұжымдық іс-шараларды анықтауға бағыттасын;

2) COVID-19 бойынша байланысқа түскен адамдарды карантинге жабу орындары мен провизорлық госпитализациялау орындарының күзетін қамтамасыз етсін;

3) COVID-19 бойынша байланысқа түскен адамдарды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасына келген COVID-19-ға зертханалық зерттеуінің оң нәтижесі бар адамдарды іздестіру және карантинге орналастыру бойынша шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

### **7. Денсаулық сақтау басқармасы қамтамасыз етсін:**

1) эпидемияға қарсы режимді сақтай отыра, COVID-19-бен сырқаттанған адамдарды оқшаулау үшін инфекциялық стационарда жеке төсек-орындарды бөлсін;

2) серіктес босануға тыйым салынсын;

3) көрсетілетін медициналық көмек ерекшелігін ескере отыра, COVID-19 ды жоққа шығармайтын клиникалық белгілері бар пациентті анықтаған жағдайда, барлық денсаулық сақтау ұйымдарында оңашалауға арналған үй-жайларды бөлсін;

4) COVID-19 сырқатына күдігі бар пациенттермен кездесуіне жол бермей, пациенттердің күн сайынғы ағымын бөлсін (басқа позологиялық сырқаттар бойынша);

5) босандыру ұйымдарына босанатын әйелдер, сондай-ақ, көп бейінді стационарларға өмір көрсеткіштері бойынша шұғыл көмек көрсетілуіне мұқтаж пациенттер келін түскен жағдайда, медициналық көмек COVID-19-ға зертханалық зерттеу нәтижелерін күтпей-ақ, эпидемияға қарсы режимді сақтаумен, жеке қорғаныс құралдарын пайдаланумен, оңашаланған бөлмеде көрсетіледі.

Пациентте COVID-19 диагнозы расталған жағдайда, медициналық көмек көрсетуге тартылған, COVID-19 ға қарсы вакцина алмаған қызметкерлер үй карантинінде оңашалауға және COVID-19-ға зертханалық тексерілуге жатады. Нәтиже оң болған жағдайда жұмыстан шеттетіліп, емдеуге жіберіледі, теріс нәтиже болған жағдайда лауазымдық міндеттерін атқаруды жалғастырады және 14 күн ішінде медициналық бақылауға жатады;

6) жүкті әйелдер мен балалардың босандыру және балалық медициналық ұйымдарға шұғыл түсу кезінде COVID-19 талдауы болмаса, орташа және ауыр коронавирустық инфекцияның клиникалық белгілері бойынша мамандандырылған мамандармен медициналық көмек көрсету үшін мамандандырылған бөлімге



жатқызылады, басқа жүкті әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін эпидемияға қарсы режим сақталынады;

7) пациенттерді, оның ішінде жүкті әйелдерді, босанатын әйелдерді және балаларды стационарға жоспарлы түрде госпитализациялау (оның ішінде күндізгі стационар) қолында тапсырған күнінен бастап 5 күннен аспайтын COVID-19 тестілеу нәтижелері немесе COVID-19 ға қарсы вакцинациясының толық курсы алғандығы туралы құжаты болған кезде жүзеге асырылады;

8) ҚР БМСД №38 Қаулысының 33 қосымшасына сәйкес COVID-19-ға зертханалық зерттеу жүргізу;

9) ҚР БМСД № 38 Қаулысының 33 қосымшасына сәйкес зертханалық тексеру үшін COVID-19-ға күдігі бар науқастардан материалдың қауіпсіз алынуын ұйымдастыру;

10) инфекциялық және өзге медициналық ұйымдарда эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтау;

11) үйде карантинде отырған адамдар үшін қажет болған жағдайда медициналық ұйымдарға бармай, еңбекке уақытша жарамсыздығының парақтары (емдеу парағы) толтырылсын;

12) денсаулық сақтау ұйымдарын COVID-19-ға шалдыққан пациенттерді емдеу үшін қажетті дәрілік заттармен, медициналық бұйымдар мен медициналық мақсаттағы қажетті материалдармен қамтамасыз етсін;

13) ҚР БМСД № 38 Қаулысының 2 қосымшасына сәйкес таза және лас аймақтарға болумен барлық медициналық ұйымдары инфекциялық стационар қағидаты бойынша қызмет етсін;

14) денсаулық сақтаудың стационарлық ұйымдарында карантин сақталсын;

15) ҚР БМСД № 38 Қаулысының 34 қосымшасына сәйкес COVID 19 шараларын өткізуге қатысушы медицина қызметкерлерінің инфекциялық қауіпсіздігі алгоритмі орындалсын;

16) патологанатомиялық, сот-медициналық сараптама қызметі саласындағы жұмысты жүзеге асырып отырған ұйымдарда өліктерді сою кезінде (аутопсия) ҚР БМСД № 38 Қаулысының 29 қосымшасына сәйкес, эпидемияға қарсы іс-шараларды сақтауды – жеке қорғаныс құралдарын пайдалансын;

17) пациенттердің бүкіл ағынының дене қызуын өлшеу үшін термометрлермен қамтамасыз ете отыра, барлық денсаулық сақтау ұйымдарында шпоздер ұйымдастырылсын;

18) көп бейінді ауруханалардың қабылдау бөлімшесінде пациенттердің күн сайынғы ағынын жоспарлық және шұғыл госпитальдау бойынша жекелей бөлісін;

19) ҚР БМСД № 38 Қаулысының 3 қосымшасына сәйкес жұмыстары COVID-19-ға күдігі бар науқастарды тасымалдаумен, ошақта жұмыс жасаумен, емдеу және қызмет көрсетумен байланысты медицина қызметкерлері мен персоналдың тиісті қорғаныс деңгейі бар ЖҚК қолдануын бақыласын;

20) COVID-19 эпидемиологиясы, клиникалық белгілері, диагностика мәселелері, эпидемиологиялық және биологиялық қауіпсіздік, стандартталған операциялық процедураларды (СОП) орындау бойынша денсаулық сақтау ұйымдарына арналған семинарларды ұйымдастырсын және өткізсін;

21) COVID-19 кезінде жеке қорғаныс құралдарын пайдалану жөнінде эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу бойынша оңірдегі медициналық



ұйымдардың барлық қызметкерлерін толықтай қамтумен нұсқаулық жүргізісін;

22) ҚР БМСД № 38 Қаулысының 35 қосымшасына сәйкес COVID-19-ды жұқтырудың жоғары қаупіне ие тұлғаларды оқшауласын;

23) ҚР БМСД № 38 Қаулысының 36 қосымшасына және клиникалық протоколға сәйкес COVID-19 симптомы жоқ вирус тасымалдаушыларды оқшаулау шарттары болған жағдайда үйдегі карантин мен медициналық бақылауды қамтамасыз етсін;

24) тұрғын үйдің үй карантинін ұйымдастыруға арналған талаптарына сәйкестігін бағаласын;

25) үйдегі медициналық бақылаудың жүргізілуін және үй карантинінің талаптарын сақтауды бақыласын;

26) шетелден келген, дене қызуы жоғары тұлғаларды COVID-19-ға зертханалық тексеру жүргізу үшін, инфекциялық стационарға жатқызуды қамтамасыз етсін;

27) ПТР әдісімен COVID-19-ға тестіден өтуі туралы анықтамасыз шетелден келген Қазақстан Республикасының азаматтарын карантиндік стационарларда орналастыруды қамтамасыз етсін;

28) үйде оңашалау жағдайында (үй карантині) COVID-19 науқаспен байланысқа түскен (жақын байланыс) адамдардың зертханалық тексеруі мен медициналық бақылауын қамтамасыз етсін;

29) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Бірінші Вице-министрінің 2021 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-47 бұйрығымен бекітілген «Жіті респираторлық вирустық инфекциялар, тұмау және олардың асқынулары (пневмония), менингококк инфекциясы, COVID-19 коронавирустық инфекциясы, желпешек, скарлатина кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес, амбулаториялық жағдайда ем алатын COVID-19 науқастарын және үй карантиніндегі COVID-19 науқастарымен байланыста болған адамдарды үйде оқшаулау (үй карантині) қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы қолхат бере отырып, қолын қойғызумен хабардар ету;

30) ҚР БМСД № 38 Қаулысының 39 қосымшасына сәйкес тұрғындарға профилактикалық екшелер жүргізісін;

31) ҚР БМСД № 38 Қаулысының 33, 35, 36 қосымшаларына сәйкес байланысқа түскен адамдар мен симптомы жоқ вирус тасымалдаушылардың медициналық бақылауы мен зертханалық тексеруін қамтамасыз етсін ;

32) диагнозды анықтаған соң, 6 сағат ішінде COVID-19-пен сырқаттанудың әр жағдайына, соның ішінде, «COVID-19 Коронавирустық инфекциясы (Вирус теңдестірілмеген)» U07.2 коды бойынша санитариялық – эпидемиологиялық бақылау Комитетінің аумақтық бөлімшелеріне шұғыл хабарлама берілісін.

33) эпидемиологиялық қадағалау мақсатында, Павлодар облысы бойынша сот сараптамасы қызметі қызметкерлерінің COVID-19 га зертханалық тексерістен өтуін қамтамасыз етсін;

34) сот сараптамасы барысында алынған мүрде материалын ПТР әдісі арқылы COVID-19 - га зертханалық тексеруді қамтамасыз етсін.

35) коронавирустық инфекциясы бар пациент қайтыс болған жағдайда, прозектурадан кейін арнайы көлікпен тасымалдау және мәйітті жерлеу кезінде



биоқауіпсіздік шараларын сақтауды түсіндірумен және тиісті қолхат алу арқылы мәйіт жерлеу үшін қайтыс болған адамның туыстарына беріледі.

**8. Денсаулық сақтау басқармасы, санитариялық – эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармалары, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ұлттық сараптама орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны, меншік формасына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан зертханалар қамтамасыз етсін:**

1) № 38 Қаулының 33 қосымшасына сәйкес COVID-19-ға ПТР әдісімен тестілеуді ұйымдастырсын, соның ішінде профилактикалық мақсатта тиісті контингентті эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша, және зертханалық ПТР зерттеуінің оң нәтижесі бар жағдайлар туралы №38 Қаулының 32 қосымшасына сәйкес хабарласын;

2) зертханалардың COVID-19-ға арналған ПТР тестілеу нәтижелері бойынша зертханалық ақпараттық жүйелерге уақытында ақпарат енгізуді және оларды Ұлттық сараптама орталығының Бірыңғай ақпараттық порталына(ҮСО БАІІ) жіберуді қамтамасыз етсін.

**9.** Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар туралы» 2021 жылғы 20 қыркүйектегі № 21, 2021 жылғы 27 қыркүйектегі № 22, 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 23 Қаулылары күшін жойды деп танылсын.

**10.** Меншік түріне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалар үшін осы Қаулыны орындау міндетті болып саналады. Заң бұзушылықтар анықталса, құзыреті мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шегінде жедел шаралар қабылдансын.

**11.** Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**12.** Осы Қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Павлодар облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



  
**Б. Алиев**